

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ



**БЕКІТЕМІН**  
КеАК Абай атындағы ҚазҰПУ  
Басқарма төрағасы - Ректор м.а.

*Т. Балықбаев* Т. Балықбаев

« 9 » *қырғаш* 2020 ж.


**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУҒА  
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Көшірме сі	Коды	Басылым	Дайындаған	Келісілген	Келісілген
	Т ҚазҰПУ 5001-20	бесінші	Баимбетова Г.А. <i>Г. А.</i>	Сахиев С.К. <i>С. К.</i>	Оразғали А.Д. <i>О. Д.</i>
				Әбдіғалпбарова Ұ.М. <i>Ұ. М.</i>	норма бақылау Жанбаева Л.А. <i>Л. А.</i>

Алматы, 2020

## МАЗМҰНЫ

1	Тағайындау және қолдану аясы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	4
3.1	Терминдер мен анықтамалар	4
3.2	Қысқартулар	4
4	Жауапкершілік	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Магистрлік диссертацияның құрылымына қойылатын талаптар	5
7	Аңдатпа құрылымына қойылатын талаптар	7
8	Магистрлік диссертацияны рәсімдеудің талаптары	8
8.1	Жалпы талаптар	8
8.2	Магистрлік диссертацияның құрылымы	8
8.3	Магистрлік диссертацияның беттерін нөмірлеу	9
8.4	Магистрлік диссертацияның тараулары мен тараушаларын, тармақтары мен тармақшаларын нөмірлеу.	9
8.5	Көрнекіліктер	9
8.6	Кестелер	10
8.7	Формулалар мен теңестірулер	11
8.8	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	11
8.9	Қосымша	12
9	Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну	12
10	Магистрлік диссертацияны қорғау тәртібі	13
11	Магистрлік диссертация туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	14
	Қосымша	15

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>2-бет барлығы 18</b>

## 1. ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Бұл ереже барлық даярлау бағдарламалары бойынша магистрлік диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен рәсімдеу тәртібін, құрылымының жалпы талаптарын орнатады. Ереже Абай атындағы ҚазҰПУ магистранттарына, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне арналған.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл ережеде төмендегі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- |     |  |   |
|-----|--|---|
| 2.1 | Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы  | 27.07.2007 ж. № 319-III   |
| 2.2 | ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – магистратура. Негізгі ережелер. | ҚР МЖБС 31.10.2018 ж. №604<br>ҚР ӘМ 01.11.2018 ж. №17669 тіркелді   |
| 2.3 | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары  | ҚР БжҒМ 30.10.2018 ж. №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БжҒМ бұйрығы 18.05.2020 ж. №207 |

## 3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР


Бұл ережеде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, 2018 жылғы 31 қазан № 604 ҚР МЖМБС сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

### 3.1 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Магистратура	кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;
Магистрлік диссертация	ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

### 3.2 ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚазҰПУ	Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
АК	Аттестациялық комиссия
ҚР МЖМБС	ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР БҒМ	ҚР Білім және ғылым министрлігі
ҚА	Қорытынды аттестаттау

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>3-бет барлығы 18</b>

#### 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Магистрлік диссертацияның рәсімделуі мен сапасына магистранттар мен олардың ғылыми жетекшілері жауапты.

#### 5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 «Магистр» академиялық дәрежесін алуға ұсынылған диссертация бітірушінің дайындығын, оның шығармашылық қабілеті мен ғылыми мәселелерді шешу дәрежесін айқындайтын, ғылымның нақты бір бағыты бойынша дайындалған білікті ғылыми жұмыс болуы тиіс.

5.2 Магистрлік диссертация ғылымның нақты саласымен белсенді айналысатын ғылым докторы немесе кандидаты, PhD докторы ғылыми дәрежесі бар ғылыми жетекшінің басшылығымен магистранттың тарапынан өз бетінше дайындалуы тиіс. Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, ғылыми–педагогикалық өтілі кем дегенде 3 жыл, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы JCR (ЖСР) базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.


5.3 Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны орындауға байланысты тапсырмалар береді;
- магистрлік диссертацияны орындаудың барлық мерзімін қамтитын күнтізбелік кестені құру ісінде магистрантқа көмек көрсетеді;
- магистрантқа тақырыпқа байланысты негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағат материалдарын, типтік жобалар мен өзге де дереккөздерді ұсынады;
- кеңес беру кестесін жасайды; кеңес барысында магистранттың магистрлік диссертацияны орындауда күнтізбелік кестенің ережелерін сақтау деңгейін бақылайды.
- магистрлік диссертация тарауларының жалпы көлемін анықтап, магистрант жұмысына бағдар береді.

5.4 Магистрлік диссертация заманауи әдіснамалық, теориялық және технологиялық ғылыми-практикалық жетістіктерге сүйене отырып, әлемдегі ақпараттық-коммуникациялық дәуір талаптарына сай болуы тиіс. Зерттеу жұмыстары ғылым мен технологияның тиісті саласындағы заманауи әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылып, қорғауға ұсынылған негізгі талаптар ғылыми-зерттеу тармақтарынан (әдістемелік, практикалық) құралып, ғылымның тиісті саласы бойынша озық халықаралық тәжірибеге негізделіп, нақты практикалық ұсыныстардан тұруы тиіс.

5.5 Магистрлік диссертацияның тақырыбы университеттің Ғылыми Кеңесінде қаралып, Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының бұйрығымен бекітіледі. Зерттеу тақырыбы мамандық бойынша ғылымның қазіргі ахуалына және бітіруші кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес өзекті болуы тиіс.

5.6 Абай атындағы ҚазҰПУ-да магистратураның бейіндік бағытында магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кем дегенде бір мақалада және/немесе ғылыми-практикалық конференцияда баяндалуы тиіс. Магистратураның ғылыми-педагогикалық бағытында магистрлік диссертацияның нәтижелері ҚР БҒМ БҒССҚК (Комитет) ұсынған ғылыми басылымдардың кемінде екі басылымында жариялануы тиіс (шет тілінде).

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>4-бет барлығы 18</b>

## **6. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

6.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне:

- мұқаба парағы (нөмірленбейді, А Қосымшасы);
- мазмұны;
- нормативті сілтемелер;
- анықтамалар, атаулар мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- тұжырым және қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша жатады.

6.2 Диссертацияның мұқаба парағы диссертацияның бірінші парағы болып табылады және құжатты өндеуге және іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді. Мұқаба парағы диссертацияның жалпы парақ нөмірлеуіне кіреді. Мұқаба парағына парақ нөмірі қойылмайды. Мұқаба парағы А қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

6.3 Диссертацияның мазмұнында кіріспе, барлық тарауларының, тараушалары мен тармақтарының атаулары мен оның тізбекті нөмірлері, бөлімшелері (егер оның атауы болса), қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалары нөмірі белгіленіп көрсетіледі. Магистрлік диссертацияның мазмұны Б Қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

6.4 «Нормативті сілтемелер» атты құрылымдық элементте диссертацияның мәтініндегі сілтемелер көрсетіліп, стандарттар тізімі кездеседі. Сілтемелер стандартының тізімі мына сөзден басталады: «Бұл диссертацияда келесі стандарттардың сілтемелері қолданылған». Тізімде стандарттардың атаулары мен олардың атаулары белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу тізбегімен беріледі.

6.5 «Анықтамалар» атты құрылымдық элементте магистрлік диссертацияда қолданылған терминдерді айқындап алуға анықтамалар көрсетіледі. Анықтамалардың тізімін келесі сөзден бастайды: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі терминдер анықтамаларымен бірге қолданылады».

6.6 «Атаулар мен қысқартулар» атты құрылымдық элементте магистрлік диссертацияда қолданылған атаулар мен қысқартулардың тізімі көрсетіледі. Атаулар мен қысқартулар диссертацияның мәтінінде кездескен тәртіп бойынша қажетті толық атауымен түсіндіріліп жазылады. Анықтамалар, атаулар мен қысқартуларды «Анықтамалар, атаулар мен қысқартулар» атты құрылымдық элементте біріктіріп көрсетуге болады.

6.7 Техникалық мамандықтар үшін кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми-практикалық маңыздылығы, өзге де ғылыми-зерттеу бағдарламаларымен байланысы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырудағы орны көрсетілуі тиіс.


Социо-гуманитарлық мамандықтар үшін кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі, тақырыптың және мәселенің ғылыми өңделу дәрежесін талдау ғылыми жаңалық элементтері, тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға шығарылатын негізгі жайттар, зерттеу нәтижелерінің апробациясы, жұмыстың құрылымы көрсетілуі тиіс.

6.8 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістері мен негізгі нәтижелерін танытатын мәліметтер көрсетілуі тиіс.

6.9 Негізгі бөлімнің құрамына:

- зерттеу бағытын анықтау және оны негіздеу, міндеттерді шешу әдістері және олардың салыстырмалы бағалануы, жұмысты жүргізудің жалпы әдістемесінің сипаттамасы, демек тиісті ғылыми бағыттың қазіргі теориясын таңдауда теориялық негіздемелерді талдау, жинақтау немесе



	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>5-бет барлығы 18</b>

зерттеудің ұстанымдары мен әдістерін интеграциялайтын әдіснама (1 бөлім) енеді. Теориялық мамандықтар бойынша 2-тарауда зерттеудің қолданбалы аспектілері қарастырылуы тиіс: мемлекеттік мекемелерде, компанияларда, фирма немесе білім беру жүйесінің түрлі деңгейіндегі оқу курстарының мазмұнында өндірісте алынған нәтижелерді қолдану туралы ұсыныстар. Білім беру мамандықтарының диссертациялық зерттеулерінің 2-тарауында барлық білім беру деңгейлеріндегі пәндер бойынша заманауи компьютерлік, мультимедиялық технологиялар, интернет-дереккөздер және т.б. ақпараттық технологиялар қазақстандық білім беру жүйесіне бейімделіп, қолданылуы тиіс. Бұл жалпы педагогикалық немесе жеке дидактикалық экспериментпен негізделуі шарт.

– құрамындағы теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтау, зерттеу, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмысты жүргізудің қажеттілігін анықтау, әзірленген объектілердің іс-әрекет принциптері мен олардың сипаттамаларынан тұратын теориялық және/немесе/эксперименттік зерттеу үдерісі;

– зерттеудің нәтижелерін жалпылау және бағалау, демек, қойылған міндеттердің толық шешімін анықтауды бағалау және жұмыстың болашақ бағыты бойынша ұсыныстар беру, алынған нәтижелердің дәлелділігін бағалау және оларды отандық және шетелдік ұқсас нәтижелермен салыстыру;

– әрбір тарау, тармақ бойынша қорытынды енеді.

6.10 Қорытынды құрамына:

– диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасау;

– нәтижелерді нақты қолданысқа енгізу бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтерді жасау;

– нақты қолданылған нәтиже бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтерді әзірлеу;

– жаңалықтың техника-экономикалық өнімділігін осы саладағы едәуір жетістіктермен салыстырып бағалау енеді.

6.11 Қолданылған дереккөздер тізімінде диссертацияны жазуда қолданылған әдебиеттер көрсетілуі қажет. Тізім **В қосымшасына** сәйкес рәсімделеді.

6.12 Қосымшаға диссертациялық жұмыстың орындалуына байланысты, белгілі бір себептермен негізгі бөлімде көрсетілмей қалған материалдарды қосу ұсынылады.

## 7. АНДАТПА ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Орыс тілінде жазылған еңбектердің аңдатпасы – бір бет көлемінде қазақ тілінде жазылады, қазақ тіліндегі еңбектердің аңдатпасы – бір бет көлемінде орыс тілінде жазылады.

7.2 Магистрлік диссертацияның аңдатпасы төмендегі мәліметтерден тұрады:

– зерттеу өзектілігі;

– зерттеу мақсаты;

– зерттеу әдістері;

– алынған нәтижелер, олардың жаңалығы, ғылыми және практикалық маңыздылығы;

– диссертацияның көлемі мен құрылымы;


– көрнекіліктер, кесте (бар болған жағдайда), қолданылған әдебиеттер тізімінің саны;

– кілт сөздер тізімі (5-6 сөз);

– жарияланымдар туралы мәлімет.

## 8. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

### 8.1 ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>6-бет барлығы 18</b>

8.1.1 Магистрлік диссертация мәтінінің мазмұны осы Ереженің талаптарына сәйкес орындалады. Магистрлік диссертацияның беттері және оған енгізілген көрнекіліктер және кестелер А4 форматына сәйкес келуі тиіс.

8.1.2 Магистрлік диссертация А4 форматындағы ақ қағаздың бір жағына рәсімделуі керек, бұл ретте мынадай шаблондар қолданылуы тиіс: қарпі – Times New Roman немесе Times New Roman KZ, қаріптің түсі қара болуы тиіс, кгель 14, пішіні әдеттегідей, жолақтардың өлшемі – сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм.

8.1.3 Магистрлік диссертацияның көлемі басылған мәтін 80-100 бетті құрау керек. Қосымшалар көрсетілген диссертацияның бет санына кірмейді.

8.1.4 Түрлі қаріп гарнитураларын қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға екпін түсіретін компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға рұқсат етіледі.

8.1.5 Фамилия, мекеме, ұйым, фирма, атауы, баспа атауы және басқа да жалқы есімдер диссертацияға түпнұсқа тілінде беріледі.

8.1.6 Түпнұсқадағы атауын қоса бере отырып (бірінші аталған кезде), жалқы есімдерді транслитерациялауға және ұйым атауын диссертация тілінде аударма түрінде келтіруге жол беріледі.

## **8.2 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

8.2.1 Магистрлік диссертациядағы құрылымдық элементтердің атауы: «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер және қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» диссертациядағы құрылымдық элементтердің тақырыбы болады.

8.2.2 Құрылымдық элементтердің тақырыптарын бас әріптермен азат жол басында нүктесіз бос жер қалдыра отырып басқан жөн.

8.2.3 Тараулардың, тараушалардың және тармақтардың тақырыптарын азат жол басынан бос жер қалдыра отырып, соңында нүктесіз, ешқандай сызықсыз, бас әріптермен басқан жөн. Егер тақырып екі сөйлемнен тұратын болса, оларды нүктемен айырады. Тақырыптарда сөздерді тасымалдауға жол берілмейді.

8.2.4 Магистрлік диссертацияны басу кезінде тақырыптарды «қою» қаріппен бөліп көрсету керек.

8.2.5 Мәтін мен құрылымдық элементтердің, тараулардың, тараушалардың және тармақтардың арасына бір «бос жолақ» қалдырылады.

## **8.3 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ БЕТТЕРІН НӨМІРЛЕУ**

8.3.1 Магистрлік диссертация беттерін араб цифрымен (кгель 12), барлық диссертация мәтіні бойынша алмаспайтын нөмірді сақтай отырып нөмірлеу керек.


8.3.2 Титулдық бет жалпы бетті нөмірлеуде қамтылады. Титулдық беттегі бет нөмірі қойылмайды.

8.3.3 Жекелеген беттерде орналастырылған көрнекіліктер және кестелер диссертация беттерін жалпы нөмірлеуде қамтылады.

8.3.4 А3 форматы бетіндегі көрнекіліктер, кестелер бір бет болып саналады.

## **8.4 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ТАРАУЛАРЫН, ТАРАУШАЛАРЫН, ТАРМАҚТАРЫН, ТАРМАҚШАЛАРЫН НӨМІРЛЕУ**

8.4.1 Барлық құжаттар шегінде магистрлік диссертация тараулары нүктесіз және азат жол басынан бос жер қалдырылған араб цифры арқылы ретті нөмірлермен белгіленеді. Тараушалар әрбір тараудың шегінде нөмірленуі керек. Тарауша нөмірі тарау және тарауша нөмірінен тұрады, олар нүктемен бөлінеді. Тарауша нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды. Тараулар да, тараушалар да бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін.

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>7-бет барлығы 18</b>

8.4.2 Егер құжатта тарауша болмаса, ондағы тармақ нөмірі әрбір тараудың шегінде болуы керек және тармақ нөмірі нүктемен бөлінген тарау және тармақ нөмірінен тұру қажет. Тармақ нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды. Егер құжатта тарауша болса, тармақтың нөмірі тараушаның шегінде болуы керек және тармақ нөмірі нүктемен бөлінген тарау, тарауша және тармақ нөмірінен тұру қажет.

8.4.3 Егер мәтін тек тармақтарға бөлінетін болса, олар барлық магистрлік диссертация жұмыс шегінде ретті нөмірлермен нөмірленеді.

8.4.4 Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөлінуі мүмкін, олар әрбір тармақтың шегінде ретті нөмірлермен белгіленеді, мәселен, 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

8.4.5 Магистрлік диссертацияның әрбір құрылымдық элементін жаңа парақтан (беттен) бастаған дұрыс.

8.4.6 Магистрлік диссертация құрамына кіретін беттердің және қосымшалардың нөмірлері алмаспайтын болуы керек.

## 8.5 КӨРНЕКІЛІКТЕР

8.5.1 Көрнекіліктер (сызбалар, карталар, графиктер, диаграммалар, фотосуреттер) мәтінде суретпен аталады. Магистрлік диссертация мәтінде оларды тікелей бірінші сөз болғаннан кейін немесе келесі бетке орналастыру қажет. Көрнекіліктер компьютермен, соның ішінде түрлі түсті боямен орындалуы мүмкін. Барлық көрнекіліктерге диссертацияда сілтеме берілуі керек. Әрбір көрнекілік үшін суретасты қолтаңба келтіріледі.

8.5.2 Әрбір суретасты қолтаңба сурет нөмірінен басталады, айталық, «1-сурет». Одан әрі тырнақшасыз суреттің атауын беру керек. Егер сурет біреу ғана болса, тек «Сурет» сөзімен белгіленеді. «Сурет» сөзі және оның атауы азат жол басынан бос жер қалдырылмай (кгель 12) жолдың ортасына орналастырылады. Көрнекіліктер нөмірі магистрлік диссертация шегінде алмаспайды (араб цифрымен). Мәтінде әрбір көрнекілікке сілтеме міндетті. Көрнекіліктерге сілтеме дасау кезінде «Сурет 2 сәйкес ...» түрінде жазылуы тиіс.

## 8.6 КЕСТЕЛЕР

8.6.1 Ереже бойынша сандық материал кесте түрінде рәсімделеді. Кестелерді рәсімдеудің үлгісі Сурет 1 келтірілген.

8.6.2 Кестені тасымалдау кезінде тақырып бағанасынан кейін бағана нөмірін көрсете отырып, жолақ қосу керек. Кестенің жалғасында бағананың атауы тасымалданбайды, алайда бағана нөмірі көрсетіледі.

8.6.3 Диссертацияда барлық кестелердің сілтемесі болуы керек. Сілтеме жасауда нөмірін көрсете отырып, «кесте» деп жазу қажет.

8.6.4 Саны жағынан көп жолақты кестені басқа параққа (бетке) тасымалдауға жол беріледі. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) тасымалдау кезінде «Кесте» (кгель 12) сөзін және оның нөмірін кестенің бірінші бөлігінің оң жағына бір рет көрсетеді, ал басқа бөлігіне «Жалғасы» сөзін жазып, кесте нөмірін көрсетеді, мысалы, «1-кесте жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) тасымалдау кезінде тақырыбы тек бірінші бөлігінің астына қойылады.

1-кесте


### Кестенің тақырыбы

--	--

1-сурет - Кестені рәсімдеу үлгісі

8.6.5 Кесте және суретті рәсімдеу кезінде пайдаланылған дереккөздерге сілтеме Ескерту арқылы төменде көрсетілгендей рәсімделуі тиіс



	Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020	Басылымы: бесінші
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар	Т ҚазҰПУ 5001-20	8-бет барлығы 18

кесте үшін:

--	--

Ескерту – кесте [12] негізінде құрастырылған

сурет үшін:

--	--

Ескерту – сурет [12] негізінде құрастырылған

### 1-сурет - Кестені рәсімдеу үлгісі

Қосымшадағы кестелерден басқа кестелерді алмаспайтын нөмірмен араб цифры арқылы нөмірлеу қажет.

8.6.6 Кестенің бағандары мен жолақтарының тақырыптарын жекеше түрде, бас әріптермен (кегль 12) жазу керек, ал егер бағаналардың тақырыпшалары бір сөйлемді тақырыптан болса кіші әріптермен немесе егер өзіндік мағынаға ие болса бас әріпшен жазу керек. Кестенің тақырыбы мен тақырыпшаларының соңынан нүкте қойылмайды.

## 8.7 ФОРМУЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕҢДЕУЛЕР

8.7.1 Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға бөліп көрсету қажет. Әрбір формула мен теңдеудің жоғарғы және төменгі жағына бір «бос» жол қалдырылуы тиіс. Егер формула немесе теңдеу бір жолға сыймаса, « $\Rightarrow$ » теңдік белгісінен кейін немесе « $+$ » қосу, « $-$ » азайту, « $\times$ » көбейту белгісінен кейін тасымалдай отырып, оны келесі жолда жалғастырады, бұл ретте белгі келесі жолда қайталанады.

8.7.2 Диссертациялық жұмыстағы формулаларды барлық диссертация шегінде араб цифрмен дөңгелек жақша ішінде жолдың оң жақ шетіне нөмірлеу керек. Формулаларды диссертация тарауының шегінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда формула нөмірі нүктемен бөлінген тарау нөмірінен және формуланың реттік нөмірінен тұрады.

*Мысалы:*


$$\int_a^b f(x)dx = F(b) - F(a) \quad (1.1)$$

8.7.3. Формулаларды формула редакторында төмендегі өлшемдерді пайдалана отырып теру керек:

- Әдеттегі: 14
- Ірі индекс: 9
- Ұсақ индекс: 7
- Ірі символ: 30
- Ұсақ символ: 14

## 8.8 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

8.8.1 Диссертацияны жазу барысында дереккөздерге сілтеме жасалу керек.

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>9-бет барлығы 18</b>

8.8.2 Дереккөздер туралы мәліметтерді диссертация мәтінінде дереккөзге сілтеме жасалу реті бойынша орналастырып, араб цифрымен нөмірлеу керек және азат жол басынан бос жер қалдырмай басу керек.

8.8.3 Пайдаланылған әдебиеттер сілтемесін тік жақшаға алу керек [5, 76]. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасау кезінде дереккөздің реттік нөмірмен бірге сәйкес беті беріледі. БАҚ-тан ақпарат пайдаланылған жағдайда тік жақшада тек дереккөз нөмірі ғана көрсетіледі.

8.8.4 Стандарттар мен техникалық талаптарға сілтеме жасауда олардың тек белгісі ғана көрсетіледі, бұл ретте, егер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде стандарттың толық сипаттамасы берілген жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетпеуге рұқсат етіледі.

8.8.5 Пайдаланылған әдебиеттер қатарында электронды дереккөздер, интернет ресурстары қолданылған жағдайда, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде ол деректердің интернеттегі адресі толық көрсетіледі. Ресурсқа кірген кездегі мерзімі де көрсетілуі тиіс.

Үлгісі (библиографиялық мәліметтер шартты түрде алынды):

Кітаптар үшін: Авторлардың аттары мен тегі. Тақырып. – Қайта басылым туралы мәлімет.

Басылым орны: Баспа, шыққан жылы. – Бет саны. Мәселен: С. С. Мәуленова, С. Қ. Бекмолдин, Е. Қ. Құдайбергенов. – Экономикалық теория. – 1 бөлім. – А.: Экономика, 2013. – 194 б.

Журналдардағы мақала үшін: Авторлардың аттары мен тегі. Мақала атауы // Басылым атауы. (Серия). – Шыққан жылы. – Том. – Нөмірі. – Беті.

Мысалы: Еркінбеков Д. А., Садақбаева Ж. К., Маманов Е. А. және т.б. Метал өндірісіндегі фазааралық қатпардың құрылымы жайында // Қазақстан нанотехнологиялары. – 2009. – Т. 4. – No 5-6. – Б. 114-120.

Конференция мен жинақ еңбектерінің материалдары үшін және т.б.: Авторлардың фамилиялары мен аты жөні. Мақала атауы // Басылым атауы: Басылым түрі. – Орын, басылған жылы. – Том. – Нөмір. – Беттері.

Үлгісі: Төкенов Н. Б., Бекболатов Н. О., Рахметова С. А., Төмен қысымдағы жалында көміртекті наноқұрылымды сараптау // VI Халықаралық симпозиум: Көміртекті материалдардың физикасы мен химиясы / Наноинженерлік. – Алматы, 2010. – Б. 134-138.

## 8.9 ҚОСЫМША

8.9.1 Қосымша берілген магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде рәсімделеді.

8.9.2 Диссертация мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме берілуі тиіс. Қосымша диссертация мәтінінде берілген сілтемелер бойынша орналасады.

8.9.3 Әрбір қосымша әр парақтың жоғары бұрышында «Қосымша» деп жазылған жаңа беттен басталады.

8.9.4 Қосымшаның мәтінге қатысты жеке жолдан бас әріппен жазылған тақырыбы болуы тиіс.


8.9.5 Қосымша үлкен әріптермен орыс алфавитінің Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ дыбыстарынан басқа алфавиттік жүйеде белгіленеді. «Қосымша» сөзінен кейін оның ретін білдіретін әріп жазылады.

8.9.6 Қосымша жалпы құжаттың жалғасы ретінде нөмірленеді.

## 9. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНЫЛУЫ

9.1 Магистрант қорытынды аттестацияға рұқсатнама алу үшін мамандық дайындаушы кафедрада магистрлік диссертацияны 1,5 ай бұрын алдын-ала қорғаудан өтіледі. Қорғауға ұсыну туралы шешімді кафедра шығарады (кафедра мәжілісі хаттамасынан көшірме).

9.2 Магистрлік диссертацияға мамандық шығарушы кафедра өкімімен ғылым докторы, ғылым кандидаты, мамандық бойынша PhD докторы дәрежесі бар ресми сыртқы рецензент тағайындалады.

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>10-бет барлығы 18</b>

9.3 Магистрлік диссертацияның ресми сыртқы рецензенті қорғалатын диссертацияның саласы бойынша негізгі жарияланымдары (3 жұмыстан кем емес), ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі және жұмыс орны көрсетіліп, білім беру институттарының Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ректоры бұйрығымен бекітіледі.

9.4 Ресми сыртқы рецензент магистрлік диссертация негізінде аталған мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін ұсыну немесе ұсынбау туралы дәйекті қорытынды және балдық-рейтинг жүйесіне сәйкес баға көрсетілген сын пікір береді (**Г қосымшасы**).

9.5 Ресми сыртқы рецензенттің сын пікірінде күні көрсетіліп рецензенттің қолы қойылған болуы керек. Рецензенттің қолы жұмыс жасайтын ұйымның кадр бөлімінің басшысымен және мөрімен расталады.

9.6 Магистрлік диссертация алдын-ала қорғаудан кейін білім беру институттарының мамандық дайындаушы кафедрада диссертациялық жұмысқа алынған дерекөздерінің және сілтемесіз алынған авторларды қарау үшін ректордың бұйрығымен құрылған эксперттік комиссияның тексеруінен өтеді. Диссертацияны плагиатқа тексеру Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі – магистратура Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады. (Негізгі ереже. 2020 жылғы 31 қазандағы № 604 ҚР МЖМБС).

9.6.1 Магистрлік диссертацияны қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Қорғауға күніне 6-8 магистрант жіберіледі.

9.6.2 Магистрлік диссертация кемінде 2/3 мүшенің қатысуымен АК-тың ашық мәжілісінде қорғалады.

9.6.3 Бір магистрлік диссертацияны қорғау ұзақтығы 50 минуттан кем болмауы тиіс. Магистрлік диссертацияны қорғау үшін магистрант АК алдында кемінде 15 минут баяндама жасайды.

9.7 Эксперттік комиссия құрамында кемінде 3 маманнан тұратын, оның ішінде берілген зерттеу объектісі мен пән аумағында білімі бар, отандық және шетелдік басылымдарда соңғы 3 жыл ішінде диссертацияға сәйкес келетін екі немесе одан да көп жарияланымдары бар 1 ғылым докторы болады.

9.8 Магистрлік диссертацияны қорғауға 1 айға қалғанда Эксперттік комиссияға төмендегідей құжаттар ұсынылады:

- аяқталған магистрлік диссертация;
- магистранттың ғылыми жетекшісінің пікірі;
- қорытынды туралы кафедраның ғылыми семинарының хаттамасы;
- диссертация тақырыбының бекітілуі туралы ғылыми кеңес шешімінің көшірмесі;
- транскрипт;
- магистрлік диссертацияның аңдатпасы;

-Магистрант оқитын ЖОО-ның ғалым хатшысы қол қойған ғылыми еңбектер тізімі және жарияланымдарының көшірмесі (**Д қосымшасы**).

9.9 Эксперттік комиссияның негізделген жазбаша қорытындысы көрсетілген форма бойынша шешімдердің біреуін ұсынады:

- 1) диссертацияны қорғауға ұсыну;
- 2) диссертацияны қорғауға ұсынбау (**Е қосымшасы**).


## **10. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ**

10.1 Магистрлік диссертацияны қорғау Абай атындағы ҚазҰПУ-ң білім беру институттарында мамандыққа сәйкес құрылған АК-та жүзеге асырылады.

10.2 Магистрлік диссертацияны қорғау АК отырысы төрағасының басшылығымен өткізіледі.

10.3 АК-қа эксперттік комиссияның қорытындысы негізінде магистрлік диссертацияны қорғауға келесі құжаттардың тізімі ұсынылады:

- ғылыми жетекшінің пікірі (**Ж қосымшасы**)
- ресми сыртқы рецензенттің магистрлік диссертацияға пікірі.

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>11-бет барлығы 18</b>

10.4 АҚ-қа орындалған магистрлік диссертацияның ғылыми және тәжірибелік құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, яғни ғылыми зерттеудің қорытындысы бойынша енгізілген АКТ немесе анықтама, макеттер, магистрлік диссертацияның саласы бойынша тәжірибелік құжаттар, ұйымның жазбаша қорытындысы, ресми емес рецензенттердің пікірлері т.б. ұсынылады.

10.5 Магистрлік диссертация кемінде 2-3 мүшеден кем емес АҚ ашық отырысында қорғалады.

10.6 Магистрлік диссертацияны қорғау бойынша АҚ отырысында ғылыми жетекшінің қатысуы және сөз сөйлеуі міндетті.

10.7 Магистрант кемінде 15 минут зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін, ең негізгі бөлігін, қорғауға ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстары жөнінде қысқа нұсқа түрде баяндауы тиіс.

10.8 Магистрлік диссертацияны бағалауда төмендегілер қаралуы тиіс:

- тақырыптың өзектілігі;
- алынған нәтиженің жаңалығы;
- жұмыста жаңа технологиялардың қолданылуы;
- қолданылған дереккөздері мен әдеби шолудың өзектілігі;
- рәсімдеуге қойылған талаптарға сәйкестілігі;
- диссертацияны қорғаудағы баяндаманың сапасы (нақтылығы, сауаттылығы, кәсіби терминдерді пайдалана алуы, көрнекілік материалдардың сапасы және т.б.).
- қорғау кезінде қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертуіне толық және дұрыс жауап беруі.
- әдебиеттер тізіміндегі пайдаланылған дереккөздер жаңа, яғни соңғы 5 жылдан ескі болмауы тиіс.

10.9 Әрбір магистрантқа АҚ отырысының хаттамасы жасалады және бекітілген үлгіде хатшымен толтырылады.

10.10 АҚ отырысының хаттамаларының бланкілері АҚ жұмысының басталуына дейін магистранттардың қорытынды аттестациясының әр түрі бойынша жекеленген кітаптармен мөрленіп, нөмірленіп, тігілуі тиіс.

10.11 Магистрлік диссертациялық жұмысты қорғауды бағалау, академиялық дәрежені тағайындау туралы және мемлекеттік үлгідегі дипломды беру (үздік, жәй) туралы шешім АҚ-тың жабық отырысында қатысқан комиссия мүшелерінің көп дауыс беруі арқылы қабылданады.

10.12 Хаттамаларға отырысқа қатысқан мемлекеттік қорытынды аттестация мүшелері мен төраға қол қояды.


10.13 Диссертациялық жұмыстың қорытындысы өткізілген күні хабарланады.

10.14 Диссертациялық жұмысты қорғау нәтижесі бойынша магистр академиялық дәрежесі берілетіндігі туралы шешім қабылданады.

10.15 Шаршы топ алдында магистрлік диссертацияны қорғаған магистрантқа мемлекеттік үлгідегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қосымшасымен (транскрипт) бірге диплом және мамандыққа сәйкес магистр академиялық дәрежесі беріледі.

## **МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

11.1 Қажеттілікке байланысты (ҚР МЖМБС, оқу жоспары және т.б.) ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>12-бет барлығы 18</b>

11.2 Қаралған өзгерістер мен толықтырулар дайындалған ереженің тәртібі бойынша келісіммен жүзеге асырылады.


11.3 Құрастырушы өзгерістер келісіліп бекітілгеннен кейін бастапқы түпнұсқаға өзгеріс енгізіледі.

11.4 Өзгеріс жеке парақта міндетті тіркеу нөмері бойынша рәсімделеді.

*А қосымшасы*

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
 \_\_\_\_\_ ИНСТИТУТЫ



	Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020	Басылымы: бесінші
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар	Т ҚазҰПУ 5001-20	13-бет барлығы 18

ӘОЖ

## ТЕГІ АТЫ-ЖӨНІ ӘКЕСІНІҢ АТЫ

### Диссертациялық жұмыстың атауы

Мамандықтың атауы және коды  
(жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының классификаторы бойынша)

\_\_\_\_\_ магистрі академиялық дәрежесін алу үшін орындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі:  
Аты-жөні, ғылыми атағы

Қорғауға жіберілді: Институт директоры  
\_\_\_\_\_ Аты-жөні, ғылыми атағы

(қолы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Аты-жөні, ғылыми атағы

(қолы)

Ғылыми семинар төрағасы \_\_\_\_\_ Аты-жөні, ғылыми атағы


(қолы)

Алматы, 20\_\_ ж.

*Б қосымшасы*

## МАЗМҰНЫ


КІРІСПЕ..... 4

	Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020	Басылымы: бесінші
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар	Т ҚазҰПУ 5001-20	14-бет барлығы 18

1	
1.1.....	9
1.2.....	21
1.3.....	32
2	
2.1.....	42
2.2.....	52
2.3.....	64
3	
3.1.....	74
3.2.....	84
3.3.....	94
ҚОРЫТЫНДЫ.....	103
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	109
ҚОСЫМША.....	133


*В қосымшасы*

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

	<b>Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»</b>	<b>Күні: 09.11.2020</b>	<b>Басылымы: бесінші</b>
	<b>Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар</b>	<b>Т ҚазҰПУ 5001-20</b>	<b>15-бет барлығы 18</b>

1. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства. [www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz).
2. Государственная Программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015 – 2019 годы. Утв. Астана, Акорда, 1 августа 2014 года № 874.
3. Государственным общеобязательным стандартом высшего и послевузовского образования, утвержденного постановлением Правительства РК от 23.08.2012 г. № 1080 (с изменениями и дополнениями, внесенными в соответствии с постановлением Правительства РК от 13.05.2016 г. № 292).
4. Косов В.Н., Скиба М.А. Системное проектирование образовательного процесса в деятельности школы: Монография. – Алматы: ТОО Print-S, 2008. – 192 с.
5. Абылкасымова А.Е., Шишов С. Е.. Оценка перспективных моделей развития педагогического образования для целей инновационного развития Казахстана: анализ международного опыта. //Перспективы Науки и Образования. Международный электронный научный журнал, 2015. 4 (16). – С. 49-55. Адрес статьи: [pnojurnal.wordpress.com/archive15/15-04/](http://pnojurnal.wordpress.com/archive15/15-04/)
6. Rimantas Želvys, Aliya Akzholova. Problems of introducing a competence-based learning within the context of Bologna process. //Pedagogika. Vol. 121, No. 1. Vilnius: Lithuanian University of Educational Sciences, – 2016. pp. -187–197.
7. Бегалиева С.Б. О формировании творческой активности учителей средствами современных педагогических технологий. //Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия Филологическая. – Алматы, 2009. – №1(117). – 42-46 с.

*Г қосымшасы*

	Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020	Басылымы: бесінші
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар	Т ҚазҰПУ 5001-20	16-бет барлығы 18

магистрі академиялық дәрежесін алу үшін орындалған \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» тақырыбындағы  
 магистранттың аты-жөні  
 магистрлік диссертациясына сыртқы пікір білдірушінің

### СЫН ШКІРІ

1. Тақырыптың өзектілігі және оның жалпығылыми, жалпымемлекеттік бағдарламалармен байланысы(ғылым мен техниканың және өндірістің сұранысы)
2. Магистрлік диссертация талаптары деңгейіндегі ғылыми нәтижелер
3. Диссертацияда магистрант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым мен қорытындының дәйектігі және нақтылығы
4. Диссертацияда магистрант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым, қорытындының жаңалық деңгейі
5. Диссертацияның негізгі тұжырымдарының, қорытынды, нәтижелерінің жарияланымы туралы айғақтар
6. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер
7. Диссертацияның қойылған талаптарға сәйкестігі
8. Қорытынды


Пікір жазған,  
 ғылыми атағы,  
 жұмыс орны

(қолы)

Аты-жөні

*Д қосымшасы*

\_\_\_\_\_ (магистранттың аты-жөні)

	Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 09.11.2020	Басылымы: бесінші
	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға қойылатын талаптар	Т ҚазҰПУ 5001-20	17-бет барлығы 18

Ғылыми еңбектерінің тізімі

Мамандықтың атауы, шифр \_\_\_\_\_

№	Ғылыми мақаланың атауы	Жұмыстың түрі	Баспа, журнал, атауы, нөмірі, жылы, беттері	Көлемі (б.т.)	Қосалқы авторлар
1	2	3	4	5	6
1	К методике изучения возникновения неустойчивости механического равновесия в газовой смеси.	мақала	//Материалы четырнадцатой международной конференции «Физика в системе современного образования». Донской гос. техн. ун-т. – Ростов-на-Дону: ДГТУ, Россия. 2015. – С. 80-84.	0,5	
2	Experimental investigation of the instability of the mechanical equilibrium of a four-component mixture with ballast gases.	мақала	//Journal of Engineering Physics and Thermophysics, ISSN 1810-2328 E-ISSN 1990-5432. Vol. 89, No. 2. – 2016. – pp. 417-421.	0,3	
3	Некоторые аспекты подготовки магистров по специальности «Физика» в педагогическом вузе.	мақала	//Физическое образование в вузах. Т.22, №4. Москва, – 2016. – С.115-10.	0,25	

Бас ғалым хатшы \_\_\_\_\_ Аты-жөні  
(қолы)

Магистрант \_\_\_\_\_ Аты-жөні  
(қолы)

Күні «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

*Е қосымшасы*

Құрамында \_\_\_\_\_ бар \_\_\_\_\_ эксперттік комиссия \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ магистрі академиялық дәрежесін алу үшін орындалған





Комерциялық емес акционерлік қоғам «Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»

Күні: 09.11.2020

Басылымы:  
бесінші

Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға  
қойылатын талаптар

Т ҚазҰПУ 5001-20

18-бет барлығы 18

« \_\_\_\_\_ »

тақырыбындағы \_\_\_\_\_

магистранттың аты-жөні

магистрлік диссертациясын қарай отырып, төмендегідей қорытындыға келді:

### ҚОРЫТЫНДЫ

1. Жұмыстың мамандыққа және ғылым саласына сәйкестігі.

2. Тақырыптың өзектілігі және оның жалпығылыми, жалпымемлекеттік бағдарламалармен байланысы (ғылым мен техниканың және өндірістің сұранысы).

3. Магистранттың диссертациясындағы сілтеме көздері және авторына сілтеме жасалмай материалдардың келтірілуі.

4. Эксперттік комиссияның шешімі (*диссертация қорғауға ұсынылсын, диссертация қорғауға ұсынылмасын*).

Эксперттік комиссия мүшелері:

1. Аты-жөні, ғылыми атағы \_\_\_\_\_

2. Аты-жөні, ғылыми атағы \_\_\_\_\_

3. Аты-жөні, ғылыми атағы \_\_\_\_\_

*Ж қосымшасы*

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша « \_\_\_\_\_ магистрі»  
академиялық дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ магистранттың аты-жөні  
« \_\_\_\_\_ » тақырыптағы магистрлік диссертациясына  
ғылыми жетекшінің

### ПІКІРІ

Магистранттың аты-жөні: \_\_\_\_\_

Кафедра: \_\_\_\_\_

Мамандық: \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Ғылыми жетекші,  
ғылыми атағы

\_\_\_\_\_

Аты-жөні